

## Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 691 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 691 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 43-1-бабының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.10.2022 № 794 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

3. Осы қаулының кіріспесі мен Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 1-тармағының қолданысы 2021 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының кіріспесі және Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

**"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заны 11-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";****

"1. Осы Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар ) "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заны 11-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың қызметінде жобалық басқаруды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 31 мамырдағы  
№ 358 қаулысымен  
бекітілген

## **Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 43-1-бабының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін қоспағанда, мемлекеттік органдардың қызметінде жобалық басқаруды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 06.10.2022 № 794 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акселерация тобы – жеделдетіп іске асыруды және ресурстарды жедел шоғырландыруды талап ететін жобалық персонал мен жобалардың мүдделі қатысуышыларын үйлестіруді, консультациялық-әдіснамалық, ақпараттық-талдамалық және ұйымдастыруышылық қолдауды, оның ішінде мемлекеттік органның жобалық оғисінің жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру топтарымен, базалық бағыттарды іске асыру топтарымен, жобалар топтарының жетекшілерімен, жобалардың жетекшілерімен және қатысуышыларымен адайл әдіснамасы бойынша құнделікті скрам-кесте бойынша бірлескен жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның жобалық оғисі қызметкерлерінің тобы;

2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) ақпараттық табло – жалпыұлттық басымдықтар кураторларының, бағдарламалар жетекшілерінің, базалық бағыттар жетекшілерінің, жобалар топтары жетекшілерінің тиісті жобалау рөлдерін орындағатын басшыларға жедел ұсыну үшін жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде орналастырылатын электрондық күжат;

4) ахуалдық-талдамалық орталық – жалпыұлттық басымдықтардың жобаларын/бағдарламаларын/портфельдерін іске асыру мәртебесін айқындау, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуі мониторингтеу және жалпыұлттық басымдықтардың жобаларын/бағдарламаларын/портфельдерін одан әрі іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында мемлекеттік органның жобалық оғисі жанынан қалыптастырылатын ұйымдық құрылым;

5) бағдарлама – жобаларды және іс-шараларды (іс-қимылдарды) жеке-жеке басқару кезінде қол жетпейтін артықшылықтарды алу үшін басқарылуы үйлестірілетін, базалық бағыттарға топтастырылған, дәйекті түрде

декомпозицияланатын жобалар топтарының, жобалардың және іс-шаралардың (іс-қимылдардың) жиынтығын білдіретін жалпыұлттық басымдық портфелінің құрамдауышы;

6) бағдарламаның базалық бағыты – салааралық, аяаралық, ведомствоаралық сипаттағы белгілер бойынша топтастырылған жобалар топтарының, жобалардың және іс-шаралардың (іс-қимылдардың) дәйекті декомпозицияланатын жиынтығын қамтитын бағдарлама құрамдауышы;

7) бағдарламаны басқару жоспары – бұл бағдарламаны басқару және оның іске асырылуын бақылау үшін пайдаланылатын және жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылатын дәйекті, байланысты құжаттар жиынтығын құруға арналған бағдарлама құрамдауштарын жоспарлаудың барлық процестерінің нәтижелер жиынтығы;

8) бағдарламаның басқарушы комитеті – мемлекеттік орган іске асыратын бағдарлама шеңберінде шешімдер қабылдау орталығының функцияларын жүзеге асыратын, мемлекеттік органның жобалық оғисі және бағдарламаның базалық бағыттары жетекшілері деңгейінде шешілмеген проблемалық мәселелер мен міндеттерді іс жүзінде шешуді қамтамасыз ететін алқалы орган;

9) басқару құжаттары – жобаларды/бағдарламаларды іске асырудың негізгі мәселелерін регламенттейтін құжаттар;

10) бағдарламаның сараптамалық кеңесі – бағдарламаны іске асыруды сараптамалық-талдамалық қолдауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырылатын алқалы орган;

11) бағдарлама жетекшісі – мемлекеттік органның қарауындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аяларындағы) істердің жайы, оның ішінде бағдарламаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік органның бірінші басшысы;

12) базалық бағыттың жетекшісі – базалық бағыт шеңберінде мемлекеттік органның қарауындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аяларындағы) істердің жай-күйіне жауапты және бағдарламаның тиісті базалық бағытының мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуі қамтамасыз ететін мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары;

13) бастама (шара) – саланы/аяны/өнірді дамытуға бағытталған, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – Жүйе) құжаттарына және/немесе басқа бағдарламалық құжаттарға бұдан бұрын енгізілмеген жаңа мақсаттар мен міндеттер жиынтығы;

14) бастаманың паспорты – бастама туралы негізгі ақпаратты қамтитын басқару құжаты;

15) дашборд – жобаларды/бағдарламаларды/жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру нәтижелері туралы мәліметтер көрсетілетін жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық панель;

16) жалпыұлттық басымдықтар – Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының іске асырылу кезеңінің сонына дейін іске асырылуы қажет белгілі бір саладағы және (немесе) аядағы жүйелік өзгерістер жиынтығы;

17) жалпыұлттық басымдықтың басқарушы кеңесі – жалпыұлттық басымдықтың портфелін іске асыруды қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші орган;

18) жалпыұлттық басымдықтың кураторы – Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары басымдығының іске асырылуына жетекшілік ететін лауазымды тұлға;

19) жалпыұлттық басымдық портфелі – Жүйенің құжаттарында, Мемлекет басшысының жолдауларын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарларында көзделген тиісті салалардағы/ аялардағы/өнірлердегі мақсаттар мен бірінші және екінші деңгейдегі жалпыұлттық басымдықтар мақсаттары картасының индикаторларына қол жеткізу үшін жалпыұлттық басымдықты іс жүзінде іске асыруға бағытталған бағдарламалардың, жобалардың, іс-шаралардың (іс-қимылдардың), бастамалардың (шаралардың), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары кеңес реформалар бойынша мақұлдаған портфельдік деңгейдегі өзге де бастамалардың жиынтығы;

20) жоба – уақыт пен ресурстық шектеулер жағдайында алға қойылған мақсатқа, нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

21) жобадан алынған сабактар журналы – жобаны басқаруға шолуды, сондай-ақ болашақ жобаларда есепке алу және қолдану үшін кез келген пайдалы ақпаратты қамтитын басқару құжаты;

22) жобалық архитектура – жобалық басқару жолымен іске асырылатын, бағдарламаның базалық бағыттарынан, сондай-ақ бағдарламаның тиісті базалық бағыттарына шоғырландырылатын топтарға топтастырылған жобалардан тұратын бағдарлама элементтерінің жиынтығы;

23) жобалық басқару – мәлімделген нәтижелерге және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін уақыт пен ресурстық шектеулер жағдайында жобаларды/бағдарламаларды/портфельдерді басқару әдісі;

24) жобалық басқарудың ақпараттық жүйесі – жалпыұлттық басымдықтардың бастамалары, жобалары, жобалар топтары, бағдарламалардың базалық бағыттары, бағдарламалары, портфельдері туралы өзекті және анық ақпаратты жасау, сақтау, беру үшін пайдаланылатын, барлық қатысуышылардың жобалық қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін, сондай-ақ мүдделі тарараптарға басқарушылық

шешімдер қабылдау үшін ақпаратқа қолжетімділік беретін бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған платформа;

25) жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган – жобалық басқару саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

26) жобаның бастамашысы – жоба идеясының, оның алдын ала негізделуінің және жобаны жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстардың авторы болып табылатын, оның ішінде осы тұлға заңды тұлғаның басшысы болып табылатын жеке тұлға, Қазақстан Республикасының азаматы;

27) жоба жетекшісі – жобалар тобының жетекшісі тиісті салада құзыреттердің қажетті деңгейі бар адамға бекітетін жобалау рөлі;

28) жоба бюджеті – жобаның жоспарланған нәтижелерді алу үшін қажетті ақшалай мәндегі ресурстарға қажеттілік жоспары;

29) жоба демеушісі – жобаның ұйымдастырушылық жағын және қарамағына жобаның бюджеті мен ресурстары кіретін жоба мақсаттарының дұрыстығын растауды қамтамасыз ететін жобалау рөлі;

30) жоба жарғысы – жобаны сипаттайтын ақпаратты қамтитын басқару құжаты: жобаның мазмұны, бюджеті, жобаны іске асыру мерзімдері, жобаның кестесі және жобаны іске асыру үшін қажетті басқа да ақпарат;

31) жобалық команда – жоба жетекшісін, менеджерді және жобалау рөлдеріне жоба шенберіндегі міндеттерді тікелей орындау кіретін басқа мүшелерді қамтитын жобаға қатысушылар;

32) жобалық қызмет – білімді, дағыларды, жобалық басқару әдістері мен құралдарын қолдана отырып жүзеге асырылатын қызмет;

33) жобаның өмірлік циклі – жобаға бастама жасалған сәттен бастап жобаның аяқталуына дейінгі уақыт аралығы;

34) жобалық персонал – оғистің жобалық персоналын, мемлекеттік органдардың жобалық оғистерінің жобалық персоналын, жобалық командаларға қатысушыларды, жобалық тапсырмаларды орындаушылар мен жобалау рөлдері бекітілген жобалық қызметке басқа да қатысушыларды қамтитын жобалық қызметке қатысушылардың жиынтығы;

35) жоба ресурстары – жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылатын ресурстар, оның ішінде: адами, қаржылық, материалдық-техникалық, ақпараттық және уақыт ресурстары;

36) жобалау рөлі – басқару құжаттарында жобалық қызмет қатысушыларына бекітілетін белгілі бір өкілеттіктер, функционалдық міндеттер және дербес жауаптылық жиынтығы;

37) жобалық тапсырма – орындалуы тиісті жобаларды/бағдарламаларды/ портфельдерді іске асыру үшін қатысуы қажет мемлекеттік органдарға, олардың

құрылымдық бөлімшелеріне/өзге де (үшінші) тұлғаларға жүктелетін жобалық қызметке қатысушылар қалыптастыратын міндеп;

38) жобага тапсырыс беруші – жобага қойылатын талаптарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін және жобаның нәтижелерін қабылдайтын жобалау рөлі;

39) жоба тәуекелі – бұл туындаған жағдайда жоба мақсаттарының біріне әсер ететін (оң немесе теріс) белгісіз оқиға немесе жағдай;

40) жобалар тобы – мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің немесе ведомствоның бағынысты ұйымының жауапкершілік аймағына енгізілген нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуі қамтамасыз ету үшін белгілі бір белгілер бойынша топтастырылған жобалар мен іс-шаралардың (іс-қимылдардың) жиынтығы түріндегі бағдарламаның базалық бағытының құрамдауышы;

41) жобалар тобының кураторы – базалық бағыттағы жобалар тобының жетекшілік ететін мемлекеттік орган басшысының орынбасары;

42) матрицалық құрылым – жобалық персоналдың, жобалық команда мүшелерінің қосарланған бағыну қағидатына негізделген ұйымдық басқару құрылымы, мұнда қызметкер жалпыұлттық басымдықтың жобасында/бағдарламасында/портфелінде ішінана/толық жұмыспен қамтылған жағдайда өзінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына және жобалық қызмет шеңберінде басқа басшиға бағынады;

43) мемлекеттік органның жобалық оғисі – мемлекеттік орган мүдделі тараптардың қатысуымен матрицалық басқару құрылымы қағидаттарының негізінде қалыптастыратын, жобалық қызметке барлық қатысушылардың өзара іс-қимылын және жобалық қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым;

44) мемлекеттік органның жобалық оғисінің коммуникациялық орталығы – бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру жөніндегі, жобага бағдарланған ұйымдық мәдениетті енгізу және дамыту жөніндегі, ұйымдарды трансформациялаудың қазіргі заманғы модельдері мен құралдарын енгізу негізінде жобалық қызметке қатысушылардың ішкі және сыртқы коммуникацияларын дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін мемлекеттік орган мемлекеттік органның жобалық оғисінің жанынан қалыптастыратын ұйымдық құрылым;

45) мүдделі адамдар – жобаның мақсатына қол жеткізуге/қол жеткізбеуге мүдделі кез келген адам;

46) кросс-функционалдылық – бір тұтастықтағы бірнеше жеке функциялардың үйлесімі;

47) облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы дамыту жоспары (бұдан әрі – өнірді дамыту жоспары) – өнірді дамыту бағдарламасын қоса алғанда, жалпыұлттық басымдықтар портфельдері шенберінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында іске асырылатын жоспарлар, жобалар мен бағдарламалар жиынтығы және өнірді дамытуға бағытталған жобалар топтары, жобалар, іс-шаралар (іс-қимылдар), бастамалар (шаралар);

48) онлайн режим – бейнебайланыс құралдары арқылы қашықтық режимінде жүзеге асырылатын қызмет;

49) офлайн режим – орында тікелей болу нәтижесінде жүзеге асырылатын қызмет;

50) ұлттық жобалық басқару жүйесі – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті, жобалық басқарудың бірыңғай экожүйесін білдіретін кешенді басқару инфрақұрылымы;

51) Жобалық офис (бұдан әрі – Офис) – жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асыруды, мемлекеттік секторда жобалық басқаруды енгізуі және дамытуды қамтамасыз ететін матрицалық ұйымдық құрылым нысанында құрылған және жұмыс істейтін алқалы жұмыс органды;

52) үлгілік базалық бағыттың жетекшісі – мемлекеттік орган аппаратының басшысы;

53) іс-әрекеттегі оқыту (action learning) – практикалық тәжірибе нәтижесінде нақты алынған білімге негізделген, белгілі бір жаңа дағыларды алууды қамтамасыз ететін оқыту әдісі;

54) адайл (agile) – "икемді" басқару әдіснамасының құндылықтары мен қағидаттарын айқындайтын жобалық басқарудағы жалпыланған термин;

55) үлкен деректер (big-data) – деңгейлес масштабталған бағдарламалық құралдармен тиімді түрде өндөлетін, үлкен көлемде құрылымдалған және құрылымдалмаған деректердің және олардың елеулі көптүрлілігінің белгіленуі;

56) алшақтықтарды талдау (GAP-талдау) – стратегиялық талдау әдісі, оның көмегімен белгіленген мақсатқа қол жеткізуге арналған қадамдарды іздеу жүзеге асырылады, анықталған айырмашылықты толық немесе ішінара жою бойынша шараларды әзірлеу үшін жоспар мен факт арасындағы айырмашылық (алшақтық) анықталады;

57) канбан (Kanban) – жобаның құнделікті міндеттерін басқаруды визуалдауға және олардың жедел орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жобалық басқару құралы;

58) скрам-әдіс (scrum) – қайталаңатын белгілентен уақыт аралықтары шеңберінде жоба/бағдарлама/портфель міндеттерін жедел режимде басқаруға мүмкіндік беретін жобалық басқару әдісі;

59) скрам-кездесу – басқарушылық шешімдерді талқылау және әзірлеу үшін жобалардың/бағдарламаның/портфельдің міндеттерін орындау кезінде туындаған проблемаларды жедел шешуге және/немесе кедергілерді жоюға, сондай-ақ келесі уақыт аралығында орындалуға тиіс міндеттерді түзете отырып, белгілі бір уақыт аралығында орындалған жұмысты мониторингтеуге және бақылауға арналған жұмыс кеңесі;

60) скрам-кесте – скрам-кездесулердің кестесі;

61) свот-талдау (SWOT-талдау) – мықты және әлсіз жақтар, мүмкіндіктер мен тәуекелдер санаттары бойынша ұйымның ішкі және сыртқы ортасының факторларын анықтаудан тұратын стратегиялық жоспарлау әдісі.

3. Мемлекеттік органдардың міндеттерін сапалы және тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында жобалық басқару:

1) қазіргі заманғы технологияларға негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа ұйымдастырушылық мәдениеті мен жобалық-желі моделін енгізу;

2) мемлекеттік секторда жобалық менеджмент құралдарының, әдістерінің, үздік практикаларының және стандарттарының негізінде жобалық басқаруға қатысты бірыңғай біріздендірілген тәсілді қамтамасыз ету;

3) жобаларды, міндеттер мен іс-шараларды өзгертуге және түзетуге уақтылы ден қоюды қоса алғанда, басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдау үшін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көзделген мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу дәрежесіне жедел онлайн-мониторингті және ахуалдық талдауды қамтамасыз ету;

4) азаматтар үшін республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен қаржыландырылатын жобаларға бастамашылық ету және оларды іске асыру процестерінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету;

5) Біріккен Ұлттар Ұйымы айқындаған 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізді қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік органдар жобалық басқаруды:

1) мемлекеттік құпияларды қорғау туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, Жүйе құжаттарын және бағдарламалық сипаттағы басқа да құжаттарды әзірлеу, іске асыру және мониторингтеу кезінде;

2) өзінің қызмет процестерін өзгерту (жетілдіру) мақсатында ағымдағы қызмет шеңберінде жүзеге асырады.

## 5. Жобалық басқарудың негізгі қағидаттары:

1) өзектілік, нақтылық, өлшемділік, қол жеткізу шектеулі болу;

2) жобалау рөлдерін және дербес жауапкершілікті айқындаудың нақтылығы;

3) ішкі және сыртқы ортаның өзгерістеріне қатысты орындау қатаандығы мен деңгейде қою икемділігінің үйлесуі;

4) мақсаттардың, нәтижелердің, ресурстарды айқындастын мазмұнның қайталануын болдырмайтын жоспарлаудың нақтылығы, портфельдердің, бағдарламалардың, жобалардың дәйектілігі мен шекаралары;

5) озық тәжірибе мен практика негізінде жобалық басқаруды дамыту болып табылады.

## 6. Жобалық басқарудың ұлттық жүйесі:

1) мемлекеттік органдардың жобаға бағдарланған ұйымдық құрылымдарын (Офисті, мемлекеттік органдардың жобалық оғистерін);

2) жобалық басқару бойынша нормативтік құқықтық және әдіснамалық базаны;

3) жобалық басқару бойынша білім беру және қоғамдық ұйымдар мен мамандардың кәсіптік қоғамдастықтары негізінде жобалық персоналдың құзыреттілік деңгейін арттыру жүйесін;

4) ақпараттық-таддамалық платформалармен және деректерді мониторингтеудің, жинаудың және өндөудің цифрлық жүйелерімен интеграцияланған жобалық басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қамтиды.

## 7. Жобалық басқарудың ұлттық жүйесі:

1) портфельдерді басқаруды;

2) бағдарламаларды басқаруды;

3) жобаларды басқаруды қамтамасыз етеді.

8. Портфельдерді басқару – Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) деңгейінде: жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асыру.

Бағдарламаларды басқару – мемлекеттік органдар деңгейінде: ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту жоспарларын және бағдарламалық сипаттағы өзге де құжаттарды қоса алғанда, бағдарламаларды іске асыру;

Жобаларды басқару – жобалық командалар құру және олардың қызметін ұйымдастыру арқылы нақты жобаларды тікелей іске асыру деңгейінде.

9. Портфельді/бағдарламаны/жобалардың базалық бағыттарын/ топтарын / жобаларды жобалық басқару іске асырудың әрбір кезеңі: бастама жасау, жоспарлау, іске асыру, мониторингтеу, түзету және жабу үшін қажетті рәсімдер мен іс-қимылдарды дәйекті жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Бағдарламаларға/базалық бағыттарға/жобалар топтарына/жобаларға бастамашылық жасау осы Қағидалардың 2-тaraуына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламаларды/жобаларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жоспарлау және іске асыру рәсімдері бюджет заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламаларды/жобаларды түзету осы Қағидалардың 51, 66 және 70-тармақтарына және мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламаны/жалпыұлттық басымдық портфелін іске асырудың аяқталуы қорытындылары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамдық тыңдаулар еткізіледі.

Жалпыұлттық басымдықтың бір портфелі шеңберінде іске асырылатын жобаларды аяқтау мерзімдері осы портфель үшін айқындалған мерзімдерден аспауға тиіс.

Жалпыұлттық басымдықтың бір портфелі шеңберінде іске асырылатын бағдарламаларды аяқтау мерзімдері осы портфель үшін айқындалған мерзімдерден аспауға тиіс.

10. Портфельдің/бағдарламаның/жобаның мақсаты проблеманы шешудің жоспарланатын түпкілікті нәтижесі не жобаларды/бағдарламаларды/ұлттық жобаларды және/немесе өнірлерді дамыту жоспарларын/жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асырганнан кейін мемлекеттік органның/өнірдің/елдің жоспарланатын жай-күйі ретінде айқындалады.

11. Мемлекеттік органдардың ішкі қызметінің рәсімдерін (процестерін) езгертудің (жетілдірудің) мақсаты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру болып табылады.

12. Мемлекеттік органдар саланың/аяның/өнірдің/мемлекеттік органның ерекшелігін ескере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органды жобалық басқарудың үлгілік ұйымдық құрылымы негізінде жобалық басқарудың ұйымдық құрылымын қалыптастырады.

13. Мемлекеттік органдар жобалық қызметті жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламенті (бұдан әрі – мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламенті) негізінде бекітілетін мемлекеттік органды жобалық басқарудың регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың регламенттерін:

1) орталық мемлекеттік органдар үшін орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары;

2) жергілікті атқарушы органдар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері бекітеді.

14. Мемлекеттік органдардың барлық жобалық қызметі жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

Офис тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) белгілеген нысанға және мерзімге сәйкес ұсына отырып, ұлттық жобалардың жобалық басқару ақпаратына Бюроның және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

15. Жобалық қызметке қатысушылар арасында ақпарат, құжаттар, түсініктемелер алмасу жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметі басшылығының, Үкімет Аппараты (бұдан әрі – Үкімет Аппараты) Басшысының, оның ішінде жобалық басқару шеңберінде орындалатын жеке және занды тұлғалардың жолданымдары бойынша тапсырмаларын бақылауға қою және бақылаудан алу, мерзімдерін бекіту, орындауға жауапты лауазымды адамдарды тағайындау осы Қағидаларға және мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентіне сәйкес жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Мемлекеттік органның жобалық оғисі:

1) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының дербес жауаптылығы қағидатын іске асыру;

2) қол жеткізілуі жалпыұлттық басымдық шеңберінде бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізудің автоматтандырылған онлайн-мониторингін және рейтингтерін жүргізу;

3) іске асырылатын жобалардың стратегиялық мақсаттарға және түпкілікті қоғамдық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізудегі салым үлесін талдау үшін жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпыұлттық басымдық мақсаттарының картасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасы мемлекеттік органның тиісті саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттарын тиісті жобалау рөлдерді орындастырып жетекшілерге бекітілген бағдарламалар шеңберінде ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізу үшін дербес жауаптылықтың төрт деңгейі:

- 1) 1-денгей – жалпыұлттық басымдықтар кураторларының жауаптылығы – Жүйенің бірінші деңгейдегі құжаттарында белгіленген көрсеткіштерге сәйкес;
- 2) 2-денгей – бағдарламалар жетекшілерінің жауаптылығы;
- 3) 3-денгей – базалық бағыттар жетекшілерінің жауаптылығы;
- 4) 4-денгей – жобалар топтары жетекшілерінің жауаптылығы бойынша бөлуді көздейді.

Бағдарлама, базалық бағыттар, жобалар топтарының жетекшілері үшін жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасын қалыптастыру тәртібі мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентінде айқындалады.

18. Жалпыұлттық басымдықтардың бағдарламалары/портфельдері шеңберінде орындалатын жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық мониторинг жүзеге асырылады, оның ішінде жобалардың іске асырылуы мен жобалардың мерзімін, сапасын, құнын қоса алғанда, жоспарланған параметрлерге нақты қол жеткізілген қоғамдық маңызы бар нәтижелерге сәйкестігіне де қоғамдық мониторинг жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның жобалық офисі қоғамдық мониторинг тобының мүшелеріне жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізудің тиісті деңгейін ұсынады, сондай-ақ олардың заңнамада белгіленген тәртіппен мониторинг объектілеріне қол жеткізу құқығын алуына ықпал етеді.

Жалпыұлттық басымдықтардың бағдарламалары/портфельдері шеңберінде орындалатын жобалардың қоғамдық мониторингінің нәтижелері мемлекеттік органның жобалық офисіне ұсынылады.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі) осы Қағидаларға сәйкес Президент Әкімшілігінің құзыretі саласындағы белгілі бір жобаларды/бағдарламаларды іске асыру қажеттілігі туралы шешімдер қабылдаған жағдайларда, Офис Президент Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша Офис туралы ережеге сәйкес Офистің және мемлекеттік органдардың жобалық офистерінің қызметімен олардың интеграциялануын қамтамасыз ете отырып, жобаны іске асырудың тиісті тобын немесе бағдарламаны іске асыру офисін қалыптастырады.

Президент Әкімшілігінің жобаны іске асыру тобының, бағдарламаны іске асыру офисінің Офиспен және мемлекеттік органдардың жобалық офистерімен өзара іс-қимыл регламентін Офис пен Президент Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшелері бірлесіп айқынрайды.

20. Мемлекеттік органның жобалық офисінің жанынан ахуалдық-талдамалық орталық құрылады, ол жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін бизнес-талдама және визуализация құралдарымен жарақталған басқа да ақпараттық жүйелермен және талдамалық платформалармен интеграциялау негізінде жалпыұлттық

басымдықтар, бағдарламалар, ұлттық жобалар, базалық бағыттар портфельдерінің, жобалар топтарының, жобалар мен міндеттердің іске асырылу барысы туралы ақпарат жинауды, өндөуді, талдауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Жобалық оғистің ахуалдық-талдамалық орталығының қызметі Оғиспен, стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік басқару жүйесін цифрлық трансформациялау шеңберінде ақпараттандыру жөніндегі үәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Бастаманы (шараны) басқару**

21. Бастамаларды (шараларды) басқару процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) басым бастамалар тізбесін қалыптастыру/өзектілендіру;

2) ақпараттық бюллетені әзірлеу;

3) шешімдер ағашын құру;

4) негізгі проблемалық мәселелерді анықтау және олардың әлеуетті шешімі;

5) осы Қағидалардың 24 және 25-тармақтарына сәйкес белгіленетін мәртебеге сәйкес кейіннен іске асыру үшін ықпал етуді бағалау және шешім әзірлеу;

6) тиісті жалпыұлттық басымдық портфелінің шеңберінде кейіннен қарau үшін жаңа бастаманың (шараның) мәртебесі туралы әлеуетті шешім әзірлеу.

Бастамаларды (шараларды) басқару процесі жобалық басқарудың үлгілік регламентінде айқындалады.

22. Бастамаларды (шараларды) басқару процесіне Офис, мемлекеттік органдардың жобалық оғистері, жобалық персонал, үәкілетті мемлекеттік органдар, бизнес-қоғамдастықтың, сараптамалық қоғамдастықтың өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.

23. Жаңа бастама (шара) іске асырылатын бағдарламаларды жақсартуға бағытталған жағдайда жаңа бастаманы (шараны) әзірлеуді бастау туралы шешімді осы Қағидаларға сәйкес бағдарламаның жетекшісі және/немесе базалық бағыттың жетекшісі қабылдайды.

24. Жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелі шеңберінде кейіннен қарau және бастаманы (шараны) тиісті жалпыұлттық басымдықтың басқарушы кеңесінің немесе бағдарламаның басқарушы комитетінің қарауына енгізу үшін шешім қабылдау мақсатында бастама (шара) паспорты ресімделеді.

Бұл ретте бастаманы (шараны) бағдарламаға енгізу кезінде қайталануды болдырмау және ресурстардың ұтымды пайдаланылуы мақсатында мемлекеттік органның тиісті жобалық оғисі өзектілігін, ауқымын, курделілігін және ішкі және сыртқы ортаның басқа да факторларын ескере отырып, оны сәйкестендіруді және ұтымды деңгейге дейін қажетті декомпозициялауды жүргізеді.

Жүргізілген сәйкестендіру және декомпозиция нәтижелері бойынша мемлекеттік органның жобалық офисі Офиспен келісу бойынша бағдарламаның басқарушы комитетіне бастамаға мынадай:

- 1) іске асыру процесінде тұрған бұрын бастамашылық жасалған жобаның жаңа (қосымша) міндегі/міндегітері немесе іс-шарасы/іс-шаралары;
- 2) бар жобалар тобы шенберіндегі жаңа жоба;
- 3) бар базалық бағыт шенберіндегі жобалардың жаңа тобы;
- 4) бар бағдарлама шенберіндегі жаңа базалық бағыт;
- 5) тиісті жалпыұлттық басымдық портфелі шенберіндегі жаңа бағдарлама мәртебелерінің бірін беруді ұсынады.

25. Бастамаға (шараға) жаңа бағдарлама немесе ұлттық жоба мәртебесін беру туралы шешімді заңнамада белгіленген тәртіппен одан әрі жұмыс істеу үшін жалпыұлттық басымдықтың тиісті басқарушы кеңесі қабылдайды.

Өзге бастамалар (шаралар) бойынша мәртебе жөніндегі шешімді тиісті бағдарламалардың басқарушы комитеттері қабылдайды.

26. Берілген мәртебені ескере отырып, бастама (шара) осы Қағидаларға және Мемлекеттік органдарды жобалық басқару регламентіне сәйкес оны іске асыруды қамтамасыз ету үшін жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

### **3-тарау. Жалпыұлттық басымдықтардың портфелін басқару**

#### **1-параграф. Жалпыұлттық басымдық портфелінің құрылымы**

27. Жүйенің құжаттары базалық бағыттардан тұратын бағдарламалар арқылы іске асырылатын жалпыұлттық басымдықтар портфельдерінің тобынан тұратын бірыңғай портфельді құрайды, олар өз кезегінде топтар бойынша топтастырылған нақты жобаларды іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Жалпыұлттық басымдық портфелінің негізгі құрамдауыштары оның мақсаттары мен міндегітеріне сәйкес келетін ұлттық жобалар, бағдарламалар және бағдарламалық сипаттағы өзге де құжаттар, жобалар және олармен байланысты басқа да жұмыстар болып табылады.

28. Салалардың, аялардың дамуы Жүйенің құжаттарын іске асыру арқылы тиісті жалпыұлттық басымдық шенберінде қамтамасыз етіледі.

#### **2-параграф. Жалпыұлттық басымдық портфелін басқару тәртібі**

29. Әрбір жалпыұлттық басымдық бойынша жалпыұлттық басымдықтардың жетекшілері айқындалады.

Қажет болған жағдайда жалпыұлттық басымдықтардың жетекшілері жалпыұлттық басымдықтардың басқарушы кеңестерін құра алады.

Офис осы Қағидаларға сәйкес жалпыұлттық басымдықтардың басқарушы кеңестерінің қызметін қамтамасыз етеді.

30. Офис матрицалық құрылым форматында құрылады, оның құрамы Үкімет Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлерінен (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше), жобалық басқару жөніндегі уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Мемлекеттік басқару академиясы) Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығының қызметкерлерінен қалыптастырылады.

Офис шеңберінде тиісті жобалау рөлдерін орындау мақсатында:

1) жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган жобалық басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыруды, Жүйені қоса алғанда, оны мемлекеттік басқаруға енгізуді, оның ішінде жобалық басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру арқылы енгізуді жүзеге асырады;

2) Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшесі жалпыұлттық басымдықтар портфелі шеңберінде қабылданған шешімдерді іске асыруды ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді.

3) Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығы жобалық басқару әдіснамасын және жобалық персоналдың құзыреттерін дамытуды жүзеге асырады;

Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшесінің, жобалық басқару жөніндегі уәкілетті органның, Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығының қызметкерлері оның Ережесіне сәйкес оғистің құрамында жобалық рөлдерді орындаіды.

Белгілі бір жобалау рөлдерін орындау үшін, қажет болған жағдайда, Оғистің қызметіне басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері, бизнес, сараптамалық және азаматтық қоғамның өкілдері қатыса алады.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. Оғистің басшысын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі – Премьер-Министр) тағайындауды және басқарушы кеңестердің жедел кеңестерін шақыру және өткізу құқығымен жалпыұлттық басымдықтар басқарушы кеңестерінің құрамына кіреді.

32. Офис туралы ережені Премьер-Министр бекітеді.

33. Оғистің міндеттері мен функцияларын орындау мақсатында оның құрамында жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру топтары қалыптастырылады және жұмыс істейді.

34. Офис жалпыұлттық басымдықтардың тиісті портфельдері шенберінде ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізу бойынша жедел мониторинг және салыстырмалы рейтинг, оның ішінде тиісті салалар/аялар/қалалар/аудандар және ауылдық округтер бөлінісінде өнірлердің даму жоспарларының іске асырылу процесіне онлайн-мониторинг және ахуалдық талдау жүргізеді.

35. Мемлекеттік басқарудың өнірлік деңгейінде жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру өнірлерді дамыту бағдарламаларын іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

### **3-параграф. Жалпыұлттық басымдық портфелін басқаруға қатысушылардың құзыреттері мен өкілеттіктері**

36. Жалпыұлттық басымдықтардың басқарушы кеңестері:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарына сәйкес жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруды;
- 2) жалпыұлттық басымдықтар мақсаттары картасының белгіленген индикаторларына қол жеткізуді;
- 3) бағдарламалар жетекшілері деңгейінде шешілмеген мәселелер бойынша шешімдерді қарауды және қабылдауды қамтамасыз етеді.

37. Офис Жүйе құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес мақұлдаған бастамалар мен шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

1. Офис мыналарды:

1) бағдарламалардың, ұлттық жобалардың, жалпыұлттық басымдықтардың тиісті портфельдерін іске асыруға бағытталған жобалардың барлық мұдделі қатысушыларының күш-жігерін шоғырландыру үшін мемлекеттік органдардың жобалық офицерінің өзара іс-қимылын мониторингтеуді, үйлестіруді, әдіснамалық сұйемелдеуді;

2) мемлекеттік органдардың жобалық офицерінің Президент Әкімшілігінің, Үкімет Аппаратының мұдделі құрылымдық бөлімшелеріне және Агенттікке ұлттық жобалардың, жалпыұлттық басымдықтар портфелі шенберіндегі жобалардың іске асырылу барысы туралы өзекті және анық ақпарат беруін ұйымдастырады.

2. Ұсынылатын ақпарат жоспарлы ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізудің онлайн-мониторингін де, сондай-ақ жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінің интерактивті дашбордтарына онлайн-қолжетімділік форматында жалпыұлттық басымдықтар портфельдері шенберінде іске асырылатын жобалардың міндеттерін іс жүзінде орындау туралы ақпаратты қамтиды;

3) жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың жобалық оғистерінің жобалық қызметін үйлестіруді және әдіснамалық сүйемелдеуді, оның ішінде мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентіне сәйкес басқару құжаттарын (нұсқаулықтар, әдістемелер, ұсынымдар, чек-парапттар, шаблондар, жадынамалар, схемалар, нысандар, ұлгілер) дайындау және жүргізу жөніндегі әдістемелік материалдарды әзірлеуді және бекітуді;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіндегі, жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының карталарында жалпыұлттық басымдықтар кураторларына бекітілген ұлттық түйінді индикаторларды енгізуі және өзектілендіруді;

5) мемлекеттік органдардың жобалық оғистерінің тиісті жобалау рөлдерін орындайтын мемлекеттік органдар басшыларының дербес жауапкершілік деңгейлері бойынша жалпыұлттық басымдықтың тиісті порфеліне кіретін бағдарламалар шеңберінде жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының карталарын қалыптастыру, мониторингтеу және өзектілендіру жөніндегі жұмыстарды орындаудың ұйымдастырады.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

38. Оғистің жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру топтары:

1) жалпыұлттық басымдықтардың басқарушы кеңестерінің жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелін іске асыру жөніндегі қызметін;

2) жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелдерін іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың жобалық оғистерінің өзара іс-қимылын және қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

#### **4-тaraу. Бағдарламаларды басқару**

##### **1-параграф. Бағдарлама күрылымы**

39. Бағдарламаның мэртебесі ұлттық жобаларға, өнірлерді дамыту бағдарламаларына, жоспарларына, сондай-ақ осы Қағидалардың 2-тармағының 5 ) тармақшасында көрсетілген бағдарламаның анықтамасына жауап беретін басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға қолданылады.

40. Бағдарламаны әзірлеу кезінде қол жеткізілуі бағдарламада көзделген мақсаттар мен ұлттық түйінді индикаторлардың мынадай талаптарға сәйкестігі қамтамасыз етіледі:

1) ерекшелігі мен нақтылығы (мақсат бағдарламаны іске асыру саласына сәйкес келеді, бір мағынада түсіндірілетін нақты тұжырымдарды қамтиды);

2) өлшемділік (тексеру мүмкіндігі, нәтижені немен және қандай бірліктермен өлшеуге болатынын сипаттау, қол жеткізілуі бағдарламада көзделген нақты ұлттық түйінді индикаторларды айқындау);

3) қол жеткізушілік (мақсатқа бағдарламаны іске асыру кезеңінде қол жеткізіледі, мақсатқа ненің есебінен және қандай жағдайларда қол жеткізілетіні туралы нақты түсінік болады);

4) релеванттылық (мақсатты тұжырымдаудың бағдарламаны іске асырудың күтілетін түпкі нәтижелеріне сәйкестігі);

5) уақыт жағынан шектеулі болу (мақсатқа белгіленген мерзімде қол жеткізіледі).

41. Бағдарламаның базалық бағыттары бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін айқындалған міндеттерге сәйкес келеді.

Бағдарламаның міндеттерін айқындау кезінде оның ішінде свот-талдау әдіснамасын және стратегиялық талдаудың өзге де құралдарын пайдалана отырып, күшті, әлсіз жақтарды, қауіптер мен мүмкіндіктерді анықтауды және талдауды қоса алғанда, ағымдағы жағдайды бағалау жүргізіледі.

42. Жобалар топтары жеке-жеке жобалар мен іс-шараларды (іс-қимылдарды) басқару кезінде қолжетімсіз артықшылықтарды алу үшін жобалар тобына кіретін жобаларды басқару процесін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жобалар мен іс-шаралар (іс-қимылдар) жиынтығы түрінде бағдарламаның базалық бағыттарының декомпозициялануы нәтижесінде қалыптастырылады.

Жобалар тобының құрамына саланың/аяның/өнірдің ауқымына, құрделілігіне және ерекшелігіне байланысты жобалардың бірнеше тобы кіруі мүмкін.

## 2-параграф. Бағдарламаны басқару тәртібі

43. Бағдарламаларды басқару жөніндегі жобалық қызмет бағдарламаларды басқаруға арналған жобалық менеджменттің әдістері мен қағидаттары негізінде жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

Өнірлік деңгейде бағдарламаларды басқару жөніндегі жобалау қызметі өнірді дамыту жоспарының тиісті үлгілік базалық бағыттарына шоғырландырылатын жобалар топтарының тізбесін айқындау жолымен өнірді дамыту жоспарын іске асырудың бірынғай біріздендірілген жобалау архитектурасы арқылы жүзеге асырылады.

44. Әрбір бағдарлама бойынша бағдарламаның басқарушы комитеті құрылады, басқарушы комитеттің төрағасы, төрағаның бір немесе бірнеше орынбасары (қажет болған жағдайда) айқындалады.

Мемлекеттік органның жобалық оғисінің басшысы бағдарламаның басқарушы комитетінің құрамына кіреді және бағдарламаның басқарушы комитетінің жедел кеңестерін шақыру және өткізу құқығымен бағдарламаның басқарушы комитеті төрағасының орынбасары болып табылады.

45. Бағдарламаның басқарушы комитетінің шешімдері жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде хаттамалар/тапсырмалар/міндеттер түрінде тіркеледі және жобалық персонал мен тиісті бағдарламаға қатысушылардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

46. Бағдарламаның басқарушы комитетінің жедел кеңестері бағдарламаның жетекшісі бекіткен апта сайынғы скрам-кестеге сәйкес өткізіледі.

Басқарушы комитеттің төрағасы болмаған жағдайда бағдарламаның басқарушы комитетінің жедел кеңестерін оның орынбасары өткізеді.

47. Мемлекеттік органдар ведомствоның тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, өзге де мұдделі тараптардың қатысу мүмкіндігімен мемлекеттік органның, өзінің ведомствоның бағынысты ұйымдарының бюджеті мен штат саны шеңберінде матрицалық басқару құрылымы қағидаттарының негізінде жобалық оғистің қызметін қалыптастырады және қамтамасыз етеді.

Бір мемлекеттік органның шеңберінде осы мемлекеттік орган қатысушысы болып табылатын барлық бағдарламалардың, ұлттық жобалардың, базалық бағыттардың, жобалар топтары мен жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік органның бір жобалық оғисі қалыптастырылады.

48. Мемлекеттік органның жобалық оғисі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы оған иелену және пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік кәсіпорынның немесе ұйымның базасында құрылуы мүмкін.

Мемлекеттік органның жобалық оғисі жобалық қызметтің барлық қатысушыларының жедел өзара іс-қимылы мен оларды үйлестіруі мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен материалдық-техникалық ресурстармен, байланыс құралдарымен және жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне және мемлекеттік органдардың басқа да ақпараттық жүйелеріне тұрақты онлайн-қол жеткізумен қамтамасыз етіледі.

49. Мемлекеттік органның жобалық оғисі бағдарламаның басқарушы комитетінің жұмыс органы болып табылады.

50. Мемлекеттік органдар бағдарламалар/тиісті салалар/аялар бойынша бағдарламалар шеңберінде тиісті салалар/аялар/өнірлерде сараптамалық кеңестерді қалыптастырады және сараптамалық кеңес хатшысының кандидатурасын айқындайды.

Сараптамалық кеңес қажет болған жағдайда салалық сараптамалық-талдамалық топтар қалыптастырады.

Сараптамалық кеңес тоқсанына кемінде бір рет бағдарламаны базалық бағыттар мен жобалар топтары бөлінісінде іске асырылу барысын сараптамалық бағалау және ахуалдық талдау тұрғысынан талқылауды жүргізеді. Талқылау нәтижелері бойынша сараптамалық кеңес бағдарламаның басқарушы комитетіне қарау үшін бағдарламаны одан әрі іске асыру жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

**51. Сараптамалық кеңестің мүшелері:**

қол жеткізілуі бағдарламада көзделген мақсаттар мен ұлттық түйінді индикаторларды олардың Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарына және осы Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген мақсаттардың талаптарына сәйкестігі, қол жеткізілуі базалық бағыттар мен жобалар топтарының бөлінісінде бағдарламада көзделген мақсаттарға, ұлттық түйінді индикаторларға олардың дәйекті бөлінуі және декомпозициялануы тұрғысынан жүйелі талдау нәтижелерінің негізінде;

қол жеткізілуі бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторлар ережелерін, мақсаттарын қайта қараудың және/немесе түзетудің орындылығы туралы қорытындылар мен ұсынымдар береді.

**52. Базалық бағыттарды іске асыру топтары жетекшілерінің және/немесе жобалар топтары жетекшілерінің сұрау салуы бойынша сараптамалық кеңестің мүшелері жобаларға бастама жасау және жоспарлау процестерінде де, оларды іске асыру барысында да жобалық командаларға сараптамалық-талдамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.**

**53. Сараптамалық кеңестің мүшелері тиісті бағдарламалар бойынша апта сайынғы скрам-кездесулерге қатыса алады.**

**54. Бағдарламаның басқарушы комитеті сараптамалық кеңестің ұсынымдарын мәлімет және жұмыс үшін қабылдайды.**

**55. Егер жобалар тобы басшысы мемлекеттік орган басшысының басқа орынбасары болып табылатын базалық бағытқа кіретін болса, онда жобалардың осы тобы бойынша базалық бағыт жетекшісінің функцияларын жобалардың осы тобының кураторы жүзеге асырады.**

Кураторы мемлекеттік орган басшысының басқа орынбасары болып табылатын, құрамына жобалар тобы (топтары) кіретін базалық бағыттың жетекшісі осы жобалар тобына қатысты бағдарламаның базалық бағытын үйлестіруді және іске асыруды қамтамасыз етеді.

**56. Әрбір мемлекеттік органда іске асырылатын бағдарламалардан басқа үлгілік базалық бағыт құрылады және іске асырылады, ол мемлекеттік органның негізгі қызметі саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған, оның құрамына мынадай жобалар топтары енгізіледі:**

1) мемлекеттік басқаруды жаңғырту;

2) мемлекеттік аппараттың кәсібілігі мен біліктілігін арттыру;

- 3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс;
- 4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл;
- 5) қоғамдық сананы жаңғырту;
- 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және мемлекеттік орган қызметінің саласын/аясын/өнірін цифрландыру.

Жоғарыда көрсетілген жобалар топтары бойынша мемлекеттік органдар қызметін әдіснамалық қолдауды, үйлестіруді, мониторингтеуді және өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді тиісті мемлекеттік органдардың жобалық оғистері жүзеге асырады.

Улгілік базалық бағытты басқару осы Қағидаларға және мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Улгілік базалық бағыт шеңберінде мемлекеттік орган ішкі қызмет рәсімдерін (процестерін) өзгертуді (жетілдіруді) жүзеге асыра алады.

57. Базалық бағыттарды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік орган базалық бағытты іске асыру тобы басшысының, базалық бағытты іске асыру тобы бас менеджерінің, базалық бағытты іске асыру тобы әкімшісінің жобалау рөлдерін орындайтын қызметкерлерді қамтитын базалық бағытты іске асыру топтарын қалыптастырады.

58. Жоғарырақ деңгейдегі жобалар тобының құрамдауышы болып табылатын жобалар тобының жетекшісі жобалар тобының жоғары тұрған жетекшісіне есеп береді.

Жоғары тұрған деңгейдегі жобалар тобының жетекшісі осы Қағидаларға және мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес өзі жетекшілік ететін жобалар тобына кіретін жобалар топтары жетекшілерінің жобалық қызметін қамтамасыз етеді.

59. Жобалар тобын басқаруды жобалау рөлі берілген құрылымдық бөлімшениң (ұйымның) басшысы – жобалар тобының жетекшісі жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда аяның/саланың/өнірдің ауқымына, күрделілігіне және ерекшелігіне қарай жобалар тобының жетекшісі өзге тұлғаны айқындауы мүмкін.

Жобалар тобының жетекшісі басқарылатын жобалар тобының (жобалар топтарының) шеңберінде мемлекеттік органның қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аяларындағы) істің жай-күйіне жауапты және тиісті жобалар тобының (жобалар топтарының) мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуі қамтамасыз етеді.

60. Бағдарламаның негізгі басқарушы құжаты Бағдарламаны басқару жоспары болып табылады.

Бағдарламаны басқару жоспары жобаны басқарудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

61. Бағдарламаны әзірлеу процесі мыналарды:

1) осы Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес бағдарламаның мақсаттарын әзірлеуді;

2) осы Қағидалардың 21-26-тармақтарында көрсетілген бастамаларды басқару үшін белгіленген тәртіппен талдамалық жұмыс жүргізу және бағдарлама туралы шешімдер қабылдауды;

3) Бағдарламаның басқа сабактас бағдарламалардың жобалары мен бастамаларының (шараларының) карталарымен өзара байланысын қамтамасыз ете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша оның жобалары мен бастамаларының (шараларының) картасын әзірлеуді;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасын әзірлеу немесе бастама жасалатын бағдарлама бойынша жаңа бөлім қосу арқылы оны өзектілендіруді қамтиды.

62. Бағдарламаны басқару жоспарын өзектілендіру процесі төрт кезенде жүзеге асырылады:

1) саланың/аяның/өнірдің ағымдағы жай-қүйін бағалау нәтижелерін және қол жеткізілуі бағдарламада көзделген, тиісті жобалар мен іс-шараларды (іс-қимылдарды) іске асыру нәтижесінде анықталған проблемалардың өзгеру серпінін бағалауға мүмкіндік беретін үлттық түйінді индикаторларды ескере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша бағдарламаның жобалары мен бастамалары (шаралары) картасында көрсетілген проблемалық мәселелерді өзектілендіру;

2) өзгеріс әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жақсаруына, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына оң әсер ететін жағдайда, бағдарламалардың басқарушы комитеттерінің жобаларды тоқтату, іске қосу, қайта іске қосу, жаңа бастамаларды (шараларды) әзірлеу және бюджет процесі шеңберінде ресурстарды қайта бөлудің орындылығы туралы шешімдер қабылдауды;

3) қаржыландыру көздерін айқындаумен қаржы қаражатына қажеттілікті есептей отырып, басым жобаларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету және таяу 12 айда жедел іске асыру үшін олардың тізбесін өзектілендіру;

4) ықтимал қаржыландыру көздерін айқындаумен қаржы қаражатына қажеттілікті алдын ала есептей отырып, бағдарламаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орта мерзімді перспективаға арналған саланы/аяны/өнірді дамыту болжамын ескере отырып, анықталған проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған жобалардың перспективалық тізбесін қалыптастыру.

63. Бағдарламаның іске асырылу нәтижелері бойынша мемлекеттік органның жобалық офисі мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентінде айқындалған тәртіппен бағдарламаның аяқталуы туралы есепті және бағдарлама бойынша алынған сабактар журналын қалыптастырады.

64. Бағдарламаның орындалуын бағалау үшін Агенттікпен келісу бойынша Офис айқындаған әдіснама бойынша нәтижелілік пен тиімділік коэффициенттері:

- мұдделі тараптардың күтулеріне сәйкес келетін жобалардың үлесі;
- белгіленген мерзімде іске асырылған жобалардың үлесі;
- көзделген бюджет шеңберінде іске асырылған жобалардың үлесі;
- жобалық басқару бойынша кәсіби консультанттарды тарта отырып іске асырылған жобалардың үлесі;
- жобалық басқару саласындағы біліктілік деңгейі расталған жобалық персоналдың (сертификатталған жобалық менеджерлердің) үлесі пайдаланылуы мүмкін.

### **3-параграф. Бағдарламаны басқаруға қатысушылардың құзыреті мен өкілеттіктері**

65. Офис:

1) Жүйеге және осы Қағидаларға сәйкес ұлттық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық жобаларды әзірлеу, мониторингтеу және бағалау жөніндегі әдіснамалық қамтамасыз етуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асырады;

2) жергілікті атқарушы органдар үшін өңірді дамыту жоспарын іске асырудың бірыңғай біріздендірілген жобалық архитектурасын айқындаиды.

66. Бағдарлама жетекшісі:

1) бағдарламаны іске асыру үшін ұйымдастырушылық жобалық архитектура қалыптастырады, оның ішінде:

осы Қағидалардың 47 және 48-тармақтарына сәйкес мемлекеттік органның жобалық офисін құру туралы;

осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік органды жобалық басқарудың үлгілік ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес жобалық офис басшысының және бағдарламаның базалық бағыттары жетекшілерінің жобалау рөлдерін дербес бекіту туралы;

жобалық оғистің акселерация тобын құру туралы (қажет болған жағдайда) шешімдер қабылдайды;

2) бағдарламаның басқарушы комитетінің дербес құрамын және оның отырыстары мен жедел кеңестерінің скрам-кестесін бекітеді;

3) бағдарламаның басқарушы комитетінің, жобалық офис жетекшісінің және бағдарламалардың (бағдарламалардың) базалық бағыттары жетекшілерінің қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырады;

4) мемлекеттік органның жобалық офисімен жұмыс істеуде Офиске қолдау көрсетеді, оның ішінде базалық бағыттар жетекшілерінің және жобалар топтары

жетекшілерінің мемлекеттік органның жобалық офисінің жұмысына скрам-кездесулерде тұрақты түрде жеке қатысуын қамтамасыз етеді;

5) өзгеруі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың артуына, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына оң ықпал еткен жағдайда жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелі шеңберінде қол жеткізілуі көзделген ұлттық түйінді индикаторларды қайта қарау және/немесе түзету жөніндегі негізделген ұсыныстарды жалпыұлттық басымдықтың басқарушы кеңесінің қарауы үшін Офиске енгізеді;

6) жалпыұлттық басымдықтардағы мақсаттар картасына сәйкес бағдарламаға кіретін базалық бағыттар жетекшілері мен жобалар топтары жетекшілеріне бекітілген жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасы индикаторларының орындалуын қамтамасыз етеді;

7) Жобалар топтары жетекшілерінің, жобалар жетекшілерінің жобалық қызметі нәтижелерін рейтингтік бағалау әдістемесін бекітеді.

#### 67. Бағдарламаның басқарушы комитеті:

1) бағдарламаны, оның ішінде жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жаңа бастамаларды іске асыруды;

2) қол жеткізілуі бағдарлама шеңберінде көзделген белгіленген ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізуі;

3) бағдарламаның базалық бағыттарының жетекшілері деңгейінде шешілмеген мәселелер бойынша шешімдерді қарауды және қабылдауды;

4) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік органды жобалық басқарудың үлгілік ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес жобалау рөлдерін бекітуді қамтамасыз етеді.

#### 68. Мемлекеттік органның жобалық офисі мыналарды:

1) жобалық персонал мен бағдарламалардың мүдделі қатысушыларын үйлестіруді, консультациялық-әдіснамалық, ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық қолдауды, оның ішінде аджалл-форматында апта сайынғы скрам-кесте бойынша бағдарламалардың базалық бағыттарын іске асыру топтарының жоба топтарының жетекшілерімен, акселерация топтарымен, жобалық командалардың жетекшілерімен және қатысушыларымен бірлескен жұмысын ұйымдастыруды;

2) тұластай бағдарлама бойынша ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізуі, сондай-ақ базалық бағыттар, жобалар топтары, жобалар бойынша талдауды қоса алғанда, бағдарламалардың іске асырылу барысын мониторингілеуді;

3) апта сайынғы скрам-кездесулерде бағдарлама жетекшісінің, Офистің алдында бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы, оның ішінде мемлекеттік органның немесе бағдарламаның тиісті басқарушы комитетінің

жобалық оғисі деңгейінде шешілмеген проблемалық мәселелер (міндеттердің ушығуы) бойынша ауызша баяндама нысанында жедел есептер ұсынуды;

4) бағдарлама жетекшісіне және Офиске тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде электрондық форматтағы ақпараттық табло арқылы бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы апта сайынғы ақпаратты ұсынуды;

5) жобаларға және/немесе жобалардың міндеттеріне дәйекті декомпозициялау жолымен тиісті базалық бағыттар немесе жобалар топтары шеңберінде бағдарламаға жаңа бастамаларды (шараларды) енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу процесін ұйымдастыруды;

6) жобалық құжаттар мен ақпаратты қалыптастыру, жүргізу және сақтау бөлігінде барлық жобалық құжаттаманы, есептілікті жүргізуді және сақтауды және қажетті ақпаратты жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде тек электрондық форматта, оның ішінде мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламенті ережелерін ескере отырып орналастыруды қамтамасыз етуді;

7) аджалайл-форматында бағдарламаларды іске асыру шеңберінде міндеттер мен жұмыстарды орындау үшін жобалау рөлдерін орындаушылар арасында тиімді жедел өзара іс-қимыл ұйымдастыруды;

8) мемлекеттік органның жобалық персоналын ынталандыру жүйесін енгізуді және дамытуды;

9) жалпыұлттық басымдықтың басқарушы кенесінде қарау үшін материалдар қалыптастыруды;

10) жобалар топтары жетекшілерінің, жобалар жетекшілерінің жобалау қызметінің нәтижелеріне рейтингтік бағалау жүргізуді жүзеге асырады, оның қорытындысы бойынша бағдарламаның басқарушы комитетіне Офиспен келісілген әдістемеге сәйкес ұздік/нашар нәтижелер көрсеткен жобалар топтарының жетекшілерін, жобалар жетекшілерін көтермелеге/жазалау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

11) қол жеткізу бағдарлама шеңберінде көзделген және бағдарлама жетекшісіне, базалық бағыттар жетекшілеріне және бағдарламаға кіретін жобалар топтарының жетекшілеріне бекітілген ұлттық түйінді индикаторларды жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне жалпыұлттық басымдық мақсаттарының тиісті картасында енгізуді және өзектілендіруді жүзеге асырады.

69. Мемлекеттік органның жобалық оғисінің басшысы жобалық оғисті тікелей басқаруды жүзеге асырады, бағдарламаны іске асыру кезеңдерінде мемлекеттік орган іске асыратын бағдарламаларға қатысушылардың өзара іс-қимылын және жобалық қызметін үйлестіруді ұйымдастырады және бағдарлама жетекшісіне есеп береді.

70. Базалық бағыттың жетекшісі, оның ішінде ұлгілік базалық бағыттың жетекшісі:

1) базалық бағыттың мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті жобалар топтарының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін базалық бағытты іске асыру тобының дербес құрамын қалыптастырады;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік органды жобалық басқарудың ұлгілік ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес бағдарламаның базалық бағытын іске асыру тобының жетекшісін және жобалар топтарының жетекшілерін және басқа да жобалау рөлдерін тағайындайды;

3) базалық бағыттарды іске асыру топтары жетекшілерінің қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырады;

4) скрам-кестеге сәйкес базалық бағыттарды іске асыру топтары жетекшілерінің жобалар топтары жетекшілерімен апта сайынғы жұмыс скрам-кездесулеріне жеке қатысады;

5) жобалардың міндеттерін орындау кезінде туындаған проблемаларды жедел шешу және кедергілерді жою үшін, жүйелі сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді талқылау және әзірлеу, келесі аптаға арналған міндеттерді түзетумен апта ішінде орындалған жұмысты мониторингтеу және бақылау үшін жобалар топтары жетекшілерінің мемлекеттік органның жобалық офисінде апта сайынғы скрам-кездесулерге қатысуын қамтамасыз етеді;

6) қол жеткізілуі бағдарламада базалық бағыт шеңберінде көзделген мақсаттар мен ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізу үшін іске асырылатын жобалардың жеткіліктілігі тұрғысынан алшақтықтарды тұрақты талдау негізінде, оның ішінде, базалық бағыт шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша бағдарламаның басқарушы комитетіне жобаларды тоқтату, іске қосу, қайта іске қосу, жаңа бастамаларды (шараларды) әзірлеу туралы негізделген ұсыныстар енгізеді;

7) өзгеріс әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың артуына, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына оң ықпал ететін жағдайда, бағдарламаның басқарушы комитетінің қарауына қол жеткізілуі жалпыұлттық басымдықтың тиісті портфелінің шеңберінде көзделген ұлттық түйінді индикаторларды қайта қарау және/немесе түзету бойынша негізделген ұсыныстар енгізеді;

8) проблемалық мәселелерді шешуде және жобаларды іске асыру барысында туындастырылған кедергілерді жоюда жобалық тапсырмаларды алға қою және мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері мен басқа да мүдделі тараптарды тарту арқылы базалық бағытты іске асыру тобына барынша жәрдемдесуді қамтамасыз етеді;

9) қол жеткізілуі бағдарламада көзделген және жалпыұлттық басымдық мақсатарының картасына сәйкес бағдарламаның жетекшілік ететін базалық

бағытына кіретін базалық бағыт жетекшісі мен жобалар топтарының жетекшілеріне бекітілген ұлттық түйінді индикаторлардың орындалуын қамтамасыз етеді.

71. Базалық бағытты іске асыру тобы:

1) бағдарламаның мақсаттарын, қол жеткізілуі бағдарлама шеңберінде көзделген ұлттық түйінді индикаторларын декомпозициялау жолымен мақсаттарды, қол жеткізілуі тиісті базалық бағыт шеңберінде бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторларды сәйкестендіруді;

2) базалық бағыттың мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті жобаларды тоқтату, іске қосу, қайта іске қосудың, жаңа бастамаларды (шараларды) әзірлеудің орындылығы туралы шешімдер қабылдау үшін қол жеткізілуі базалық бағыт шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторларды сәйкестендіруді және талдауды;

3) жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде тікелей қалыптастырылатын жобаларды басқару жоспарларына сәйкес белгіленген ресурстар шеңберінде белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес базалық бағыттағы жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін базалық бағыттағы жобалық персоналды, оның ішінде жобалар топтарының жетекшілерін, жобалар жетекшілерін және жобалық командаларға қатысушыларды үйлестіруді, консультациялық-әдіснамалық, ақпараттық-талдамалық және ұйымдастыруышылық қолдауды жүзеге асырады.

72. Базалық бағытты іске асыру тобының жетекшісі:

1) жобалық персоналдың базалық бағыт шеңберінде жобалық қызметтің басқа қатысушыларымен тиімді өзара іс-қимылын;

2) өз деңгейінде шешілмеген проблемалық мәселелерді, бастамаларды (шараларды) және жобаларды базалық бағыт жетекшісінің және/немесе мемлекеттік органның жобалық офисі жетекшісінің қарауына олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша жедел енгізуді;

3) базалық бағыттың жетекшісіне және мемлекеттік органның жобалық офисінің жетекшісіне апта сайынғы скрам-кездесулерде жобалардың іске асырылу барысы туралы, оның ішінде өз деңгейінде шешілмеген проблемалық мәселелер бойынша баяндама нысанында жедел есептер ұсынуды;

4) жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасына сәйкес бағдарламаға кіретін жобалар тобы бойынша қол жеткізілуі бағдарлама көзделген ұлттық түйінді индикаторларды орындауды қамтамасыз етеді.

73. Жобалар тобының жетекшісі базалық бағытты іске асыру тобының жобалық командалармен жедел өзара іс-қимылын және жобалар жетекшілерінің жобалық қызметін тиімді үйлестіру мен қолдауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Жобалар тобының жетекшісі өзі жетекшілік ететін жобалар тобына кіретін жобалар бойынша кандидатураларды айқындайды және оларға жобалар жетекшілерінің рөлдерін бекітеді.

Жобалар тобының жетекшісі:

1) өзі басқаратын жобалар тобына кіретін жобаларды орындау кезінде туындаған проблемаларды жедел шешу және кедергілерді жою мақсатында келесі аптаға арналған міндеттерді түзетумен апта ішінде орындалған жұмыстарды талқылау және шешімдер әзірлеу, мониторингтеу және бақылау үшін мемлекеттік органның жобалық оффисінде базалық бағытты іске асыру тобының апта сайынғы жұмыс скрам-кездесулеріне жеке қатысады;

2) құрылымдық бөлімшениң (ұйымның) ағымдағы қызметі шеңберінде жан-жақты ақпараттық, ұйымдастырушылық, әдіснамалық және сараптамалық қолдауды, сондай-ақ жоба жетекшілеріне жобаларды басқаруда, оның ішінде тиісті жобалық тапсырмаларды қалыптастыру жолымен барынша жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.

74. Жобалар тобының жетекшісі бағдарламалық құжаттарды және стратегиялық міндеттерді іске асыру шеңберінде базалық бағытты іске асыру тобымен және ахуалдық-талдамалық орталықпен бірлесіп мақсаттар мен қол жеткізілуі тиісті базалық бағыт шеңберінде бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторларға қол жеткізу үшін іске асырылатын жобалардың жеткіліктілігі тұрғысынан алшақтықтарды талдауды жүргізеді.

Қажет болған жағдайда, қосымша жобаларды пысықтау және бастамашылық ету және оларды тиісті базалық бағыт шеңберінде жобалар тізбесіне енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Қажет болған жағдайда, жобалар тобының жетекшісі құрылымдық бөлімшениң және (немесе) ведомстволық бағынысты ұйымдардың және (немесе) өзге де мүдделі тараптардың қызметкерлері қатарынан жобалар үйлестірушілерін айқындайды.

75. Сараптамалық кеңестің хатшысы сараптамалық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді, оның ішінде Офиспен өзара іс-қимылын жүзеге асырады.

## 5-тaraу. Жобаларды басқару

### 1-параграф. Жобаны басқару тәртібі

76. Жобалау командалары осы Қағидалардың 78-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жобалау менеджментінің үздік практикаларын пайдаланудың артықшылықтарын кеңейту мақсатында өз таңдауы бойынша гибридті басқару технологияларын және адайл-әдістерді (скрам, канбан) қоса

алғанда, жобаларды басқарудың әртүрлі стандарттарын, әдістері мен құралдарын қолдана алады.

77. Жекелеген жобаларды басқарудың рөлдік құрылымы олардың ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Бұл ретте әрбір жобаның жарғысында жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде мынадай жобалау рөлдері: жобаның бастамашысы, жобаның демеушісі, жобаға тапсырыс беруші, жобаның жетекшісі айқындалады.

78. Офис тиісті жалпыұлттық басымдықтардың басқаруши кеңестері айқындастын өлшемшарттарға сәйкес жобалардың және/немесе жобалар топтарының және/немесе бағдарламалардың ішкі және сыртқы орта факторларын (салалық ерекшелік, құны, ауқымы, басымдық деңгейі, қаржыландыру көздері, курделілігі, тәуекелдері) талдау негізінде жобаларға қойылатын мынадай қосымша талаптардың кемінде біреуін белгілей алады:

- 1) жобалық менеджменттің белгілі бір стандартын (әдіснамасын, білім жинағын, нұсқаулығын) міндettі қолдану;
- 2) жоба жетекшісі немесе бас консультант/жобалық менеджмент жөніндегі менеджер ретінде тиісті біліктілік деңгейі және жобаларды басқарудың расталған тәжірибесі бар кәсіби жобалық менеджерді жобалық командаға міндettі түрде тарту;
- 3) жоба жетекшісімен міндettі түрде келісімшарт жасасу;
- 4) жобаны іске асыруға жобалық басқару саласында қызметтер көрсетуге маманданған және өз штатында біліктілік деңгейі мен жобалық басқару тәжірибесі расталған кәсіби жобалық менеджерлері бар үйымды тарту;
- 5) жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіндегі жоба құжаттарының, жобаның бастамашысын, жобаның жетекшісін және басқа да мүдделі тараптарды көрсете отырып, жобаны іске қосу туралы бастапқы кеңес хаттамасының архивте болуы;
- 6) жоба бойынша өзгерістерге сұрау салуларды ресімдеу және өзгерістер журналын жүргізу арқылы жобадағы өзгерістерді басқару процесін міндettі түрде ресмилендіру;
- 7) жоба бойынша құжаттардың архивінде жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жоба бойынша тиісті құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

79. Жоба жетекшісі бір уақытта екі немесе одан көп жобаны басқаруды жүзеге асыра алмайды.

Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын жоба жетекшісімен жасалған шартта, қажет болған жағдайда, қызмет бабында пайдалануға арналған ақпаратты жария етпеу туралы талап белгіленеді.

80. Егер жобаны іске асыру процесінде тапсырыс беруші мен орындаушы (өнім беруші/мердігер/әріптес) арасында келісімшарттық (шарттық) қатынастар

туындаған жағдайда, жобаның жетекшісін мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес тапсырыс беруші айқындаиды, ал орындаушы (өнім беруші/мердігер/әріптер) жобаның тиісті жұмыс көлемін (кезеңін/сатысын) басқару үшін орындаушының (өнім беруші/мердігер/әріптер) жобалық тобының жетекшісін айқындаиды.

81. Орындалуы жобалық командаға қатысуышылардың өкілеттіктері/мүмкіндіктері шеңберінен шығатын және мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар және (немесе) өзге үшінші тұлғалар орындаушыларының қатысуын талап ететін міндет туындаған кезде жоба жетекшісінің бастамасы бойынша базалық бағыттың жетекшісі мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентінде айқындалатын нысан бойынша тиісті жобалық тапсырманы жібереді.

Жобалық тапсырма ресми түрде келіп түскен үйімның немесе құрылымдық бөлімшениң тиісті басшысы бір жұмыс күні ішінде жобалық тапсырманы орындау үшін орындаушыны/орындаушыларды тағайындаиды және жоба жетекшісін қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

Жобалық тапсырманы орындау мынадай әдістердің бірімен:

1) белгіленген мерзімде мемлекеттік органның жобалық оғисіне нәтижелерді ұсына отырып, ағымдағы қызмет шеңберінде;

2) осы Қагидаларға сәйкес орындаушының/орындаушылардың мемлекеттік органның жобалық оғисіндегі жобалық тапсырманы толық және сапалы орындау үшін қажетті мерзім ішіндегі жобалық қызметі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жобаның жетекшісі және жобалық тапсырмаларды орындаушылар жобалық команданың немесе жобалар тобы жетекшісінің деңгейінде шешілуі мүмкін емес жоба міндеттерін орындауда проблемалар мен кедергілер болған жағдайда, базалық бағытты іске асыру тобымен бірлесіп қажетті іс-қимылдар жоспарын әзірлейді және оларды жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне енгізеді.

82. Мемлекеттік органдардың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қалыптастыру және іске асыру жөніндегі бірлескен жұмысы, олар жобалық тәсілдерді пайдалана отырып іске асырылған жағдайда, мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік органдардың әзірлеуге және орындауға жауапты құрылымдық бөлімшелері бірлесіп орындаушы құрылымдық бөлімшелерді айқындаиды және мемлекеттік органның ішкі әкімшілік қызметтері және/немесе жобалық оғисі арқылы жобалау командасын қалыптастырады;

2) жобаға қатысуы қажет мемлекеттік органдар жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде тиісті жобаға қолжетімділік берілетін жобалық команданы

қалыптастыратын мемлекеттік органның жобалық оғисінен және/ немесе Офистен сұрау салу келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жобалық команданың құрамына енгізу үшін кандидатураларды ұсынады;

3) Офис алаңында онлайн немесе оффлайн режимінде жалпыұлттық басымдықтарды іске асырудың тиісті топтары мемлекеттік органдардың жобалық оғистерімен бірлесіп жобаларды сапалы пысықтау және іске асыру үшін жобалық командалардың скрам-кездесулерін ұйымдастырады.

## **2-параграф. Жобаны басқаруға қатысуышылардың құзыреті мен өкілеттіктері**

83. Жоба жетекшісі жобаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

84. Жоба жетекшісі мемлекеттік органның жобалық оғисінің қолдауымен:

1) қызмет саласына және мемлекеттік қызметке тиесілігіне қарамастан, тиісті саладағы құзыреттердің қажетті деңгейіне ие адамдар арасынан жобалық команданы қалыптастыруды, оның ішінде жобалау рөлдерін және жобалық команданың дербес құрамын айқындауды;

2) осы Қағидалардың 78-тармағында көзделген жағдайларда жобаны басқаруға қойылатын қосымша талаптардың орындалуын;

3) жобаның міндеттерін орындау кезінде туындаған проблемаларды жедел шешу және кедергілерді жою, жобаның келесі аптаға арналған міндеттерін түзете отырып, бір апта ішінде орындалған жұмыстарды мониторингілеу және бақылау мақсатында мемлекеттік органның жобалық оғисінің апта сайынғы жұмыс скрам-кездесулеріне жеке қатысады;

4) жобалық команданы тікелей дербес басқаруды;

5) жедел шешу үшін ықтимал нұсқаларды ұсына отырып, жобаның туындаған проблемалық мәселелері туралы жобалар тобының жетекшісін және/немесе базалық бағытты іске асыру тобының жетекшісін дереу хабардар етуді;

6) жобаның өмірлік циклі бойында есептілікті жүргізуі және жоба құжаттарының архивін, оның ішінде жобадан алған сабактар журналын қалыптастыруды қоса алғанда, тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жобаны басқаруды қамтамасыз етеді.

## **6-тaraу. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесі**

85. Мемлекеттік органдарды және өзге де мұдделі занды және жеке тұлғаларды қоса алғанда, жобалық қызметке қатысуышлар жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін апта сайынғы скрам-форматта жобалардың/ бағдарламалардың/портфельдердің міндеттерін жедел басқару үшін бірлескен кросс-функционалдық жобалық командаларды қалыптастыру мүмкіндігімен

аджайл-форматында өзара ашық және тікелей іс-қимылды ұйымдастыру үшін пайдаланады.

86. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесі жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асыру мен мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру қуралы ретінде мыналарды:

1) жалпыұлттық басымдықтар портфельдерінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуі бақылауды;

2) жобаларды/жобалар топтарын/бағдарламалардың базалық бағыттарын/бағдарламаларды/жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін тиімді іске асыру үшін өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу жүйесін ақпараттық қолдауды;

3) басқару және есептілік процестерін ресмилендіруді, ретке келтіруді және автоматтандыруды, жобалық қызметке қатысуышылар арасындағы қарым-қатынас уақытын қысқартуды;

4) осы Қағидаларға сәйкес портфельдің/бағдарламаның/жобаның өмірлік циклінің кезеңдері және басқару деңгейлері бойынша құрылымдалған ұйымдастырушылық құрылымдарды жедел қалыптастыруды және басқару рәсімдерін орындауды;

5) "іс-әрекеттегі оқыту" форматында жобалық персоналды жеделдетіп оқытуды және даярлауды;

6) болашақ жобаларды кейіннен табысты іске асыру үшін тарихи ақпаратты және білім базасында меңгерілген сабактарды, оның ішінде жобалық құжаттар мен шаблондардың архивтерін (басқару жоспарлары, есептер нысандары, үлгілік шешімдер, тәуекелдер тізілімдері, қатысуышлардың өзара іс-қимыл рәсімдерінің үлгілері және басқа жобалық құжаттар) жинауды және шоғырландыруды;

7) мемлекеттік органдардың ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруды;

8) әртүрлі ақпараттық жүйелерді интеграциялау негізінде жобаларды тиімді басқару үшін бірлескен деректер базасын пайдалануға мүмкіндік беретін бірегей сәйкестендіру нәмірін автоматты түрде генерациялау арқылы жобаны құру процесінде жобаларды сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

87. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелерімен, ақпараттық-талдамалық платформалармен және бейнеконференцбайланыс сервистерімен интеграциялануда жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін пайдалану:

1) жалпыұлттық басымдықтың әрбір портфелі бойынша барлық объективті құрылымдалған ақпаратты, оның ішінде бағдарламалар, базалық бағыттар, жобалар топтары, жобалар бөлінісінде (қол жеткізілуі бағдарламада көзделген ұлттық түйінді индикаторлар, мерзімдер, бюджет бойынша жоспар-факт, басқа да қажетті ақпарат) онлайн-режимде мониторингілеуді жүзеге асыруға;

2) басқару шешімдерінің сапасын арттыру үшін ұлкен деректер және жасанды интеллект құралдарын қолдануды дамытуға;

3) автоматтандыру, есепке алу, жобалардың еңбек ресурстарына қажеттілігі негізінде кадрларды даярлауға білім беру тапсырысын қалыптастыру үшін салалардың/аялардың/өнірлердің еңбек ресурстарына қажеттілігін болжауға;

4) Офисті, мемлекеттік органдардың жобалық офистерін, сондай-ақ бағдарламалардың басқарушы комитеттерін және жалпыұлттық басымдықтардың басқарушы кеңестерін қоса алғанда, жобалық персоналдың және жобалық қызметке басқа да қатысушылардың бейнеконференциялар режимінде бір мезгілде бірлескен қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

88. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде құжаттардың электрондық көшірмелері немесе:

- 1) жоба жетекшісі;
- 2) жоба тобының жетекшісі;
- 3) базалық бағытты іске асыру тобының жетекшісі;
- 4) жобалар тобының кураторы;
- 5) жобалық офиистің басшысы;
- 6) базалық бағыттың жетекшісі;
- 7) бағдарлама жетекшісі;
- 8) жалпыұлттық басымдықты іске асыру тобының жетекшісі;
- 9) Офистің басшысы;
- 10) жалпыұлттық басымдық кураторының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған құжаттар қалыптастырылады және орналастырылады.

89. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жобалық қызметке қатысушылар арасында ақпарат, құжаттар, түсініктемелер алмасуды жүзеге асыру және тіркеу тәртібі ақпаратты қорғау туралы заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентінде айқындалады.

90. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде ақпаратты сақтау мерзімдері, сондай-ақ жобалар/бағдарламалар/портфельдер бойынша құжаттарды сақтау мерзімдері "Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бүйріғына сәйкес белгіленеді.

91. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде әрбір жоба, жобалар тобы, базалық бағыттар, бағдарламалар, жалпыұлттық басымдықтар бойынша, жобалар топтары, базалық бағыттар, бағдарламалар, жалпыұлттық басымдықтар

портфельдері бөлінісінде іске асыру кезеңдері: бастамашылық ету, жоспарлау, іске асыру, мониторингілеу және түзету, аяқтау бойынша басқару құжаттары қалыптастырылады және/немесе орналастырылады.

Негізгі басқару құжаттарын қалыптастыру және ресімдеу тәртібі мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентінде белгіленеді.

92. Орындалуын бақылау Офиске және (немесе) мемлекеттік органның жобалық оғисіне бекітілген Үкімет басшылығының, Үкімет Аппараты Басшысының, сондай-ақ жалпыұлттық басымдық кураторының, бағдарлама жетекшісінің, базалық бағыт жетекшісінің тапсырмаларын бақылауға қою, орындау және бақылаудан алу мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентіне сәйкес тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

93. Жалпыұлттық басымдықтар портфельдерінің шеңберінде жалпыұлттық басымдықтар кураторларының тапсырмаларын бақылауға қоюды, орындауды және бақылаудан алуды Офистің жалпыұлттық басымдығын іске асырудың тиісті тобы мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентіне сәйкес тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады.

94. Офис осы Қағидалардың 92-тармағында көрсетілген жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындау алгоритмдері бар ұлгілік чек-парактарды өзірлейді.

## **7-тaraу. Жобалық персоналдың қызметін ұйымдастыру**

95. Жобалық персоналға:

1) Офистегі, мемлекеттік органдардың жобалық оғистеріндегі жобалау рөлдерін;

2) бағдарламалар жетекшілерінің, базалық бағыттар жетекшілерінің, жобалар топтары жетекшілерінің, жобалар үйлестірушілерінің, жобалар жетекшілерінің, жобалық командаларға қатысуышылардың, жобалық тапсырмаларды орындаушылардың жобалау рөлдерін және жоба/бағдарлама/портфель шеңберіндегі өзге де жобалау рөлдерін;

3) ахуалдық-талдау орталықтары, коммуникациялық орталықтар қызметкерлерінің, мемлекеттік органдардың жобалық оғистерінің сараптамалық кеңестері хатшыларының, жобалық басқару жөніндегі консультанттардың функцияларын орындаітын мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің қызмет саласына қарамастан, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мемлекеттік органдардың қызметкерлері, со сияқты ұйымдық-құқықтық

нысанына қарамастан ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ жеке тұлғалар жатқызылуы мүмкін.

Көрсетілген жобалау рөлдері тиісті құжаттарда мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың ұлгілік регламентіне және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

96. Жоба жетекшісі, мемлекеттік органның жобалық офисінің басшысы, Офистің басшысы жобаның жоспар-кестесіне негізге ала отырып, жұмыскер орындаған жұмыс көлемінің есебін жүргізеді.

97. Жобада/Офисте/басқа мемлекеттік органдардың жобалық офистерінде, оның ішінде жобалық тапсырмаларды орындау шеңберінде тиісті жобалау рөлдерін орындайтын қызметкерлер қызметін жобалау рөліне сәйкес жүзеге асырады.

Тиісті мемлекеттік органның ұстанымын келісуді және/немесе есепке алууды талап ететін мәселелер бойынша және/немесе мұдделер қақтығысы болған кезде аталған қызметкерлер тікелей басшылықты хабардар етеді.

#### 98. Мыналар:

мемлекеттік органның және жобалау командасының/базалық бағытты іске асыру тобының/жалпыұлттық басымдықты іске асыру тобының ұстанымдары арасында жобалар тобы жетекшісінің, базалық бағыт жетекшісінің деңгейінде шешуді талап ететін келіспеушіліктер болған кезде қызметкер тиісінше мемлекеттік органның тікелей басшысына және жобалық офисінің басшысына/ Офистің басшысына тиісті қызметтік хат жібереді:

1) келіспеушіліктер мемлекеттік органның жобалық офисі/Офис деңгейінде барлық мұдделі тараптардың қатысуымен скрам-кездесуде шешіледі;

2) келіспеушіліктер болған кезде келіспеушіліктер хаттамасына қол қойылады, ол бағдарламаның басқарушы комитетінің тиісті отырыстарында қаралады;

3) бағдарламаның басқарушы комитеті деңгейінде келіспеушіліктер болған кезде, бұл келіспеушіліктер жалпыұлттық басымдықтағы басқарушы кеңестің тиісті отырыстарында қаралады;

қызметкердің жобалық қызметінде, сол сияқты осы қызметті жүзеге асыратын қызметкердің құрылымдық бөлімшесінде және осы қызметкер орындауы тиіс екі міндет бір мезгілде болған кезде, міндеттің басымдығын қызметкердің тікелей басшысы тиісті жалпыұлттық басымдықтың нәтижелеріне қол жеткізудегі міндеттің үлесіне қарай айқындаиды.

99. Жобалау рөлдерін бекіту болмаған немесе жобалау рөлі бекітілген адам болмаған жағдайларда жобалау рөлдерін ауыстыру осы Қағидаларға 4-қосымшада ұсынылған жобалау рөлдерін ауыстыру схемасына сәйкес жүзеге асырылады.

100. Мемлекеттік органдар жалпыұлттық басымдықтардың жобаларын/бағдарламаларын/портфельдерін табысты іске асыру қорытындылары бойынша ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдарға оларды іске асыруға қатысқан қызметкерлерге көтермелеге шараларын қолдануды ұсынады.

101. Жобалық басқару бойынша консультанттарды (жобалау ұйымын) тарту қажет болған жағдайда, бұл консультанттар Мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес тартылады.

102. Жобалық персоналды қесіби құзыреттерін дамытуға және жобалық басқару саласындағы үздік практикаларды енгізуге ынталандыруды арттыру мақсатында мемлекеттік органдар жыл сайынғы Жобалық басқару жөніндегі ұлттық конкурсқа қатысады (бұдан әрі – Ұлттық конкурс).

Офис Ұлттық конкурстың ұйымдастыру комитетін құрады, ол Ұлттық конкурс туралы ережені бекітеді, онда жыл сайынғы Ұлттық конкурсты өткізуіндегі тәртібі, құрамы, мерзімдері, қаржыландыру көздері және осыған байланысты өзге де ұйымдастыру мәселелері айқындалады.

Жобалық басқаруды  
жузеге асыру қағидаларына  
1-қосымша

### **Мемлекеттік органды жобалық басқарудың үлгілік ұйымдастырушылық құрылымы**

Мемлекеттік органдары жобалық басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының элементтері:

- 1) бағдарламаның жетекшісі;
- 2) бағдарламаның басқарушы комитеті;
- 3) үлгілік базалық бағыттың жетекшісі – 1 бірлік;
- 4) базалық бағыттың жетекшісі – әрбір базалық бағыт бойынша 1 бірлік;
- 5) жобалар тобының кураторы (қажет болған жағдайда);
- 6) мемлекеттік органның жобалық оғисі.

P/c №	Жобалау рөлі	Бірлік саны	Жобалау рөлін орындау кезінде жұмыспен қамтылу	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	мемлекеттік органның жобалық оғисінің жетекшісі	1	тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкери, мемлекеттік органның бірінші басшысы тағайындауды (

				бұйрық/өкім/ хаттама/тапсырма)
2	мемлекеттік органның жобалық оффисінің бас менеджері	1	тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
3	мемлекеттік органның жобалық оффис әкімшісі	1	тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
4	жобалық басқару жөніндегі консультант	1	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның жобалық басқару бойынша тиісті сертификаты бар штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
Бағдарламаның базалық бағытын іске асыру тобы: бағдарламаның әрбір базалық бағыты үшін				мемлекеттік органның немесе ведомстволық

5	бағдарламаның базалық бағытын іске асыру тобының 1 жетекшісі		тольк	бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері базалық бағыт жетекшісінің шешімімен тағайындалады (хаттама/тапсырма)
6	бағдарламаның базалық бағытын іске асыру тобының 1 бас менеджері		тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері базалық бағыт жетекшісінің шешімімен тағайындалады (хаттама/тапсырма)
7	бағдарламаның базалық бағытын іске асыру тобының 1 әкімшісі		тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері базалық бағыт жетекшісінің шешімімен тағайындалады (хаттама/тапсырма)
Ахуалдық-талдамалық орталық (қажет болған жағдайда)				
8	ахуалдық-талдамалық орталықтың 1 басшысы		тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқарушы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
				мемлекеттік органның немесе ведомстволық

9	ахуалдық-талдамалық орталықтың менеджер-талдаушысы	1	тольк	бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
Коммуникациялық орталық				
10	коммуникациялық орталықтың басшысы	1	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның баспасөз қызметінің басшысы немесе қызметкері бағдарламаның бірінші жетекшісінің шешімімен тағайындалады (бұйрық/өкім/хаттама/тапсырма)
11	коммуникациялық орталықтың менеджері	1	тольк	мемлекеттік органның баспасөз қызметінің қызметкері, мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
Сараптамалық кеңес				
12	Сараптамалық кеңестің мүшелері	Қажет болған жағдайда	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкерін

				Бағдарламаның басқаруши комитеті айқындауды (хаттама)
13	Сараптамалық кеңестің хатшысы (" think tank" - модератор)		негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкерін Бағдарламаның басқаруши комитеті айқындауды (хаттама)
14	сараптамалық-талда малық топтың мүшелері	Қажет болған жағдайда	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкерін базалық бағыттың жетекшісі айқындауды ( хаттама/тапсырма)
15	жобалар тобының жетекшілері	әрбір жобалар тобы үшін 1	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның құрылымдық белімшелерінің басшылары немесе орынбасарлары базалық бағыт жетекшісінің шешімімен тағайындалады ( хаттама/тапсырма)
16	жобалардың кураторлары демеушілері)	жобаның басымдылығы мен мәртебесіне байланысты қажет болған жағдайда тағайындалады	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері базалық бағыт жетекшісінің шешімімен

				тағайындалады (хаттама/тапсырма)
17	жобалар үйлестірушілері	жобаның басымдылығы мен мәртебесіне байланысты қажет болған жағдайда тағайындалады	негізгі қызметпен біріктіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері базалық бағыт жетекшісінің немесе жобалар тобы жетекшісінің шешімімен тағайындалады (хаттама/тапсырма)
18	акселерация тобының басшысы	қажет болған жағдайда	тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)
19	акселерация тобының менеджерлері	қажет болған жағдайда	тольк	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның немесе өзге де мүдделі ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкері Бағдарламаның басқаруышы комитетінің шешімімен тағайындалады (хаттама)

7) жобалау топтары:

P/c №	Жобалау рөлі	Бір жобага арналған бірліктер саны	Жобалау рөлін орындау кезінде жұмыспен қамтылу	Ескертпе
1	2	3	4	5

1	жобаның жетекшісі	1	толық/ негізгі қызметпен біркітіру	мемлекеттік органның немесе ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы немесе штаттан тыс қызметкерін, сондай-ақ, жобаның іске асырылуына мүдделі өзге де адамды жобалар тобының жетекшісі тағайындауды (бастапқы кеңестің хаттамасы/жобага бастамашылық жасаған кезде тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіндегі тапсырма)
2	жобалық команданың мүшелері	жобаның күрделілігіне және ауқымына қарай	толық/ негізгі қызметпен қоса алып жүру	мемлекеттік органның штаттағы/ штаттан тыс қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымның штаттағы/ штаттан тыс қызметкерлерін немесе жобаның іске асырылуына мүдделі өзге де адамдарды жоба жетекшісі тікелей жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде тағайындауды

Жобалық басқаруды  
жүзеге асыру қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

### Жалпыұлттық басымдықтар мақсаттарының картасы

Ұлттық даму	Жалпыұлттық бағыттың	М Ж Ж құжаттары	Бағдарла маның	Базалық бағыттардың жобалар тобының ҰТИ, базалық бағыт	ҰТИ қол жеткізуғе жауапты лардың аты,
-------------	----------------------	-----------------	----------------	--	---------------------------------------

жоспары ның жалпыұлттық басымдықтары	ҰТИ, жалпыұлттық бағыттың кураторы (1-денгей)	стратегия лық/ бағдарла маңың жетекшісі сипаттағи (2-ы өзге де күжаттар	ҰТИ, бағдарла маңың жетекшісі (2-денгей)	Базалық бағыттардың ҰТИ базалық бағыттың жетекшісі (3-денгей)		тобының жетекшісі (4-денгей)		әкесінің аты ( болған жағдайда ) тегі	
				ҰТИ атауы	жылдар бойынша мәні	ҰТИ атауы	жылдар бойынша мәні		
				202_	202n		202n		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Жалпыұлттық бағыттың атауы:

									Ж Б кураторы
									Бағдарла маңың жетекшісі
			1. ББ атауы (1):						Б Б жетекшісі
		1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі			1-ЖТ атауы:				Б Т жетекшісі
					1 - жобаның және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі				жобаның жетекшісі
					1 - жобаның және 1-ҰТИ п атауы, өлшем бірлігі				жобаның жетекшісі
					Ж Т п атауы:				Ж Т жетекшісі
					п жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі				жобаның жетекшісі
			ҰТИ п атауы,						

		өлшем бірлігі	1-ЖТ атауы:	Ж Т жетекшісі
1 - жалпыул ттық басымды ктың ҰТИ ( атауы және өлшем бірлігі)	1 - бағдарла маның атауы		1 - жобаның және 1- ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			1 - жобаның және 1- ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			Жобалар тобы н атауы:	Ж Т жетекшісі
			n жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			n жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
		2. ББ атауы (n)		Б Б жетекшісі
	ҰТИ 1 атауы, өлшем бірлігі		1 - жобалар тобы атауы:	Ж Т жетекшісі
			1 - жобаның және 1- ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			1 - жобаның және	

			ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			ЖТ н атауы:	Ж Т жетекшісі
			н жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
KPI н атауы, өлшем бірлігі			1 - жобалар тобының атауы:	Ж Т жетекшісі
			жобаның және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			жобаның және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобалар тобының атауы:	Ж Т жетекшісі
			н жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобасын ың және	

Мақсат ( мақсаттың сипаты)				ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
		1. ББ атауы 1:			Б Б жетекшісі
				1-ЖТ атауы:	Ж Т жетекшісі
				1 - жобаның және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
		1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі		1 - жобаның және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
				ЖТ н атауы:	Ж Т жетекшісі
				н жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
				н жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
				1-ЖТ атауы:	Ж Т жетекшісі
				1 - жобаның және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі

			1 - жобаның және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекші
			Ж Т н атауы:	Ж Т жетекші
			н жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекші
			н жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекші
Стратеги ялық бағыттың н ҰТИ н ( атауы және өлшем бірлігі)	н бағдарла масының атауы	2. ББ (n) атауы		Б Б жетекші
			1 - жобалар тобының атауы:	Ж Т жетекші
			1 - жобаның және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекші
			1 - жобаның және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекші
			н жобалар тобының атауы:	Ж Т жетекші
			н жобасын	

			ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			1-ЖТ атауы:	Ж Т жетекшісі
			жобаның және 1- ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			жобаның және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобалар тобының атауы:	Ж Т жетекшісі
			н жобасын ың және 1-ҰТИ атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі
			н жобасын ың және ҰТИ н атауы, өлшем бірлігі	жобаның жетекшісі

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ББ – базалық бағыт

ЖБ – жалпыұлттық басымдық

ЖТ – жобалар тобы

МЖЖ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі

## ҰТИ – Ұлттық түйінді индикаторлар.

## Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына 3-көсімша

Нысан

Жалпыұлттық басымдықтың  
басқарушы кеңесі отырысының

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттамасымен  
бекітілген

(1 сәуір мен 1 қыркүйектегі жағдай  
бойынша жылына кемінде 2 рет  
міндетті турде өзектілендіруге жатады)

Бағдарламаның жобалары мен бастамаларының (шараларының) картасы (бағдарламаның атавы) \_\_\_\_\_ жалпыұлттық басымдық шеңберінде (жалпыұлттық басымдықтың атавы)

шешү		Базал	нақтыл										ілік, тенге
д і		ы к	ануға										
талап		бағыт	және										
ететін		тарға	егжей-										
өзекті		кіреті	тегжей										
пробл	Базал	н	л і										
емала	ы к	жобал	талдан										
р /	бағыт	а р	уға										
басым	тарды	н	жатад										
міндет	н ҮТИ	топтар	ы ,										
тер	**	ы	тенге										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1-базалық бағыт _____ (базалық бағыттың атауы)													
n базалық бағыты _____ (базалық бағыттың атауы)													

Ескертпе:

\* 1-баған – саланың/аяның/өнірдің неғұрлым елеулі проблемаларының тізілімін білдіреді;

\*\* ҮТИ – ұлттық түйінді индикаторлар.

Жобалық басқаруды  
жүзеге асыру қағидаларына  
4-қосымша

### Жобалау рөлдерді ауыстыру схемасы

Қажет болған жағдайда қосымша жобалау рөлдерді орындастын	Ауыстырылатын жобалау рөлдер (жобалау рөлдердің орындаушылары айқындалмаған не болмаған жағдайларда)							
---	--	--	--	--	--	--	--	--

жобалау рөлдерді орындаушы лар ( жобалау рөлдердің негізгі орындаушы лары болмаған жағдайда ұйғарым бойынша)	Жалпылттық басымдықтың кураторы	Бағдарламаның жетекшісі	ЖО басшысы	ББ жетекшісі	Жобалар тобының кураторы	ЖО бас менеджері	ЖО әкімшісі
1	2	3	4	5	6	7	8
Жалпылттық басымдықтың кураторы	+	+	-	-	-	-	-
Президент жанындағы ККО хатшысы	+	-	-	-	-	-	-
Бағдарламаның жетекшісі	-	-	+	+	+	-	-
Басқарушы комитет төрағасының орынбасары	-	+	+	+	+	-	-
Жобалық официал жетекшісі	-	+	-	-	+	+	+
Базалық бағыттың жетекшісі	-	-	-	+	+	-	-
Жобалар тобының кураторы	-	-	-	+	+	-	-
Жобалық официал бас менеджері	-	-	+	-	-	-	+
Жобалық официал әкімшісі	-	-	+	-	-	+	-
АТО басшысы	-	-	+	-	-	-	-
АТО менеджер-							

талдамашыс ы	-	-	-	-	-	-	-	-
К О басшысы	-	-	-	-	-	-	-	-
К О менеджері	-	-	-	-	-	-	-	+
Базалық бағытты іске асыру тобының басшысы	-	-	-	-	+	-	-	-
Базалық бағытты іске асыру тобының б а с менеджері	-	-	-	-	-	-	-	-
Базалық бағытты іске асыру тобының әкімшісі	-	-	-	-	-	-	-	-
Акселераци я тобының басшысы	-	-	+	-	+	+	+	+
Акселераци я тобының менеджері	-	-	-	-	-	+	+	+

### Кестенің жалғасы

Ауыстырылатын жобалау рөлдер

(жобалау рөлдердің орындаушылары айқындалмаған не болмаған жағдайларда)

А Т О басшысы	А Т О менедже р-талдам ашысы	К О басшысы	К О менедже рі	ББІАТ басшысы	ББІАТ менедже рі	ББІАТ әкімшісі	Акселера ци я тобының басшысы	Акселера ци я тобының менедже рі	Жобалар тобының жетекшісі
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
-	-	-	-	+	+	+	+	+	+
-	-	-	-	+	+	+	+	+	+
+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
-	+	+	+	+	+	+	+	+	+
-	+	-	-	-	-	-	+	+	+

+	-	-	-	-	-	-	+	+	+
-	-	-	+	-	-	-	-	-	-
-	-	+	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	+	+	-	-	+
-	-	-	-	+	-	+	-	-	+
-	-	-	-	+	+	-	-	-	+
+	+	+	+	+	+	+	-	+	+
+	+	+	+	+	+	+	+	-	+

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АТО – ахуалдық-талдамалық орталық

ББ – базалық бағыт

ББІТ – базалық бағытты іске асыру тобы

ЖО – жобалық офис

KKO – консультативтік-кеңесші орган

КО – коммуникациялық орталық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК